

**3-тақырып. Абайдың өлең құрылысы. Абай өлеңіндегі ұйқас, буын, бунақ, ырғақ өлшемдері.** Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалық, өзгешелігі туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, т.б. ғалымдардың тұжырымдары. Қ.Өмірәлиевтің пікірлері. Абай қазақ өлеңіне әкелді деген жаңалықтардың ортағасырлық, жыраулық поэзиямен байланыс, сабақтастығы бар тұстар. Абайдағы 6 буынды, 8 буынды өлеңдер туралы Қ.Жұмалиев тұжырымы. Абайдың өлең құрылысын өлең теориясы тұрғысынан әрі қарай жетілдіре зерттеу мәселелері.

Абайдың өлең өлшемін алғаш рет арнайы Ғабдрахман Сағди қарастырды. Абайда ескісі бар, жаңасы бар 8 түрлі өлең бар деді.

“Сен мені не етесіңнің” өзіне М.Әуезов сан қырынан үнілген.

“Абай осы өлеңде ең алғаш рет әр жолдың ырғақ, буын өлшеуін де қатты өзгертеді. Кей жол төрт-бес сөзден құрылса, белгілі санаулы қатарда, мысалы: төртінші, алтыншы жолдарда бір-бір-ақ сөз бір жол болып отырады. Осындай өлең уәзінін (Абайдың өзі айтуынша) тауып, ақын және де арнаулы ән шығарады” (11).

М.Әуезовтің осы өлеңді талдауында бірталай мәселенің бастамасы іспетті ой бар. “Сен мені не етесің” – ән өлең. Осының әні де қазақ есітпеген ән-күй ырғағынан мүлде бөтен дейді ғалым. Қазақ музыкасы үшін ән өзгешелігін іздегенде Абай әдейілеп речитатив өрнегін тапқан. Ондағы үй-ішілік драмалық-уақиғалық мазмұнда 14 жолдан қайырылған шумақ өлеңдегі жеделдік, бір демділіктен гөрі ауызша айтылып отырған сөздің интонациясы бар, бұған Лермонтов лирикасының зор әсері бар тәрізді деген пікір “Сен мені не етесіңнің” табиғатын ашып-ақ тұр.